

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б. 65-66

«GREEN TECHNOLOGY» ЖШС-ДЕ ҚИЯР ӨСІРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алағөзов Б., Жанбыршина Н.Ж.

Соңғы онжылдықта көкөніс өсірудің шағын-көлемдік технологиясы (ШТ) қолданысқа ене бастады. Оның маңыздылығы – топырақты аз ғана көлемдегі субстартпен алмастыру. Шағын - көлемдік технологиясының негізгі мақсаты – көкөніс өсімдіктерінің сапасы мен өнімділігін арттыру, ресурстарды үнемді пайдалану және еңбек шығынын азайту. Көкөніс өсімдіктерінің өсу ортасы ретінде органикалық (торф, көшет үшін кокос талшықтары, ағаш үгінділері) және минералды субстраттар (перлит, вермикулит, цеолит, өсімдік үшін минералды мақта) қолданылады. Жылыжай шаруашылығының ұзақ мерзімділігі минералды төсеніштердің тиімді екенін көрсетті. Қазіргі заманғы жылыжайларда альтернативті топырақ алмастырғыштарды кокос талшықтары толығымен ығыстырды. Кокосты талшықтар – шағынкөлемді қияр, қызанақ және т.б. көкөніс өсімдіктерін өсіруге теңдестірілген субстрат болып табылады [1].

Асқабақ тұқымдасына сквош (*Cucurbita SSP*), кәдімгі қарбыз (*Thunb. Matsum*), қауын (*Cucumis Melo*) және қияр (*Cucumis Sativus*) жатады. Солардың ішінде қияр асқабақ тұқымдасының экономикалық маңызды мүшесі болып табылады. Барлық асқабақ тұқымдастарының ішінде қияр өндіріс көлемі бойынша Қытай (26559600т), Иран(1400000т), Ресей (1414700т), Түркия(175000т) елдерінде екінші орында және АҚШ-та(981660т) қияр өндірісі 2005 жылы әлемдік өндірістің 75 пайызын құрады [2].

Қазіргі кезде «ҚазАгроҚаржы» қаржыландырылған жобалардың бірі "Green Technology" ЖШС – сы 3 га жерді алады. Кәсіпорын 2011 жылы іске қосылды. Қарағанды қаласының жобалық қуаты 1 695 тонна көкөніс өнімдерін өндіреді.

Қиярды кокос талшығында өсіру

Жылыжайда қияр өсірудің ең қарапайым және жоғары ықпалды тәсілі – өсімдікті престелген кесекшелерден тұратын кокосты субстраттарда өсіру болып табылады. Кокосты төсеніш деп аталатын субстрат көп көлемді ылғал мен қоректік заттарды (өз көлемінен 10 есе үлкейе отырып) өзіне сіңіреді де кейін оларды толығымен өсімдікке береді.

Кокосты төсеніштер полиэтиленді қапшықтарда сатылады және ол қаптарды шешпей ақ өсімдіктерді арнайы тесіктер жасау арқылы отырғызуға болады.

Қиярды жылыжайда полиэтиленді төсеніште өсіру үшін қажет заттар:

- Полистиролдан жасалған тақташалар, олар кокосты төсеніштердің

астына төселеді және қоректік заттардың қалдықтары оның астына ағып кетпеуін қадағалау қажет;

- Өсімдіктің тамыр жүйесіне толықтай ылғалдың енуін қамтамасыз ететін тамшылатып суарудың автоматты жүйесі;

- Бірнеше су құятын ыдыстар;

- Жарықтандыру жүйесі;

- Жылу жүйесі;

- Ауаны ылғалдандырып және суытатын, тұман түзетін – спринклер орнату;

- Суаруды басқаратын пульт(бақылаушы);

- Тыңайтқыш қолдану жүйесі, жылыжайда тыңайтқышты берудің сорғылы Вентури жүйесін пайдаланған тиімді.

Тұқым. Жылытылған парниктерде өсімдікке барлық жағдай жасалғанымен жоғары сапалы тұқым болмаса жақсы өнім алу мүмкін емес.

Жылыжайларда жақсы өнім беретін қиярдың кәдімгі және гибридті сорттары өте көп. Тұқымдардың ішінде жиі өнім беретін, аурулармен залалданбаған, дәмі ащы емес(көптеген тұқымға өсіретін қияр тұқымдарының дәмі ащылау болып келеді), көп күтімді қажет етпейтін тұқымды таңдау қажет. Ең дұрысы F1 тұқымын (бірінші ұрпақ) таңдаған жөн себебі олардың сапасы жақсы болады.

Көшетке күтім жасау. Көшетке арналған тұқымды қоректік субстратқа (қарашірінді, ағаш үгінділері, торф,) орналастырады. Егер жылыжай ішінде тұқымға жақсы жағдай жасалса, тұқымның өнуі 3-4 тәулікке созылады, сол кезде өскінде 2 жапырақ пайда болғанда, яғни 19-25 күнде көшетті отырғызуға болады.

Бұл өсіп даму кезеңінде жылыжайда ауа температурасын күндіз – 18, ал түнде -15 градустан асырмау қажет. Сонымен қатар көшетті қоректендіруге, суаруға, жарықтандыруға аса мән берген дұрыс: көшетті негізінен жылы сумен суарған тиімді, ал бултты күндері жарықтандыру жүйесінің қосалқы жарықтарын қосу қажет.

Көшетті өсіру әдісі. Кокосты төсеніштердің үстіне орналастырған өсімдіктерді өнім бергенше горизонтальді және вертикальды жолмен өсіруге болады. Жылыжайда өсіргенде вертикальді тәсіл (немесе шпалерді тәсіл, қиярдың сабақтары арнайы тұғырларға сүйеніп тік өседі) тиімді болады, себебі ол салыстырмалы түрде алғанда (горизонтальді тәсілмен салыстырғанда) шағын ауданға бірнеше қияр көшеттері топтарын өсіруге мүмкіндік береді. Орташа есеппен алғанда 1 га. жерге 22-26 мың көшет өсіріледі.

Қияр өсімдігінің негізгі сұрыпы «Rijk Zwaan»компаниясының «Мева» сұрыпы.

1-кесте - Қияр будандарының жалпы көрсеткіштері

Қияр будандары	Жетілу мерзімі, күн	Өнімділігі, кг/м ²	Жеміс массасы, г	Ескертпе
----------------	---------------------	-------------------------------	------------------	----------

Мева	40	21,4	200-250	Салаттық
------	----	------	---------	----------

Қиярдың пәлегі шығуы кезінде, гүлденуі және өнім қалыптастыру кезінде жылыжайда ауа температурасы 19 градустан кем болмауы керек. Қиярға жарық күніне 11-12 сағат қажет болғандықтан қосымша жарықтандыруды пайдалану қажет. Сонымен қатар кокосты төсеніштер осы өсіп-даму кезеңдерінде жылы болуы керек. Сонда қияр дақылынан жоғары өнім алуға болады [3].

Әдебиеттер тізімі

1. Девочкина Н.Л. «Особенности малообъемного выращивания овощных растений на кокосовых субстратах» // Козлова Е.П., Корнилов А.В., «Теплицы России», №3, 2010. – 365-372 с.
2. Jack E. Staub, Matthew D. Robbins, Todd C. Wehner / Vegetables I // Volume 1 of the series Handbook of Plant Breeding, P 241-282
3. Цыдендамбаев А. Тепличный практикум: технология (дайджест журнал «Мир Теплиц»).М., 2011. – 136 с.